



Құрметті студент!

2017 жылы «Гуманитарлық ғылымдар - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B020200	«Халықаралық қатынастар»	1. Дипломатиялық және консулдық қызмет 2. Халықаралық қатынастардың жаңа заман тарихы 3. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты 4. Көпжақты дипломатия

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Дипломатиялық және консулдық қызмет
 2. Халықаралық қатынастардың жаңа заман тарихы
 3. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты
 4. Көпжақты дипломатия
2. Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Дипломатиялық және консулдық қызмет

1. Дипломатиялық байланыстардың үзілуі:

- A) Елдің мемлекеттік билігінің жоғары органдары түсіретін біржақты тәртіп арқылы орындалады
- B) Дипломатиялық акт, яғни осыған дейінгі дипломатиялық байланыстардың тоқтатылуы
- C) Дипломатиялық акт, яғни мемлекетаралық байланыстардың шиеленісуімен жалғасуы
- D) Геосаяси ахуалдың өзгеруін сипаттайды
- E) Барлық байланыстарды бірден үзеді
- F) Дипломатиялық акт, яғни осыған дейінгі мемлекеттердің өкілдерінің жеке байланыстарының тоқтатылуы

2. Сыртқы қарым-қатынастардың орталық органдары:

- A) Парламент
- B) Саудалық өкілдік
- C) Консулдық мекеме
- D) Үкімет
- E) Сыртқы істер министрлігі

3. «Дуайен»:

- A) Дипломатиялық корпусстың басшысы
- B) Қабылдаушы мемлекеттің ішкі істеріне араласуға құқығы жоқ
- C) Дипломатиялық қарым-қатынастардың сипатын реттеу құқығы бар
- D) Халықаралық конференцияда төраға
- E) Дипломатиялық миссиясының бастығы
- F) Елдің - аймақтың көшбасшы дипломатиялық миссиясының басшысы

4. Ұйым жанындағы тұрақты өкілдік ғимаратына:

- A) өкілдік орналасқан елдің билігі өкілдік басшысының рұқсатымен кіреді
- B) жасалынатын кез-келген қатерден өкілдік орналасқан елдің билігі қорғауға міндетті
- C) өкілдік орналасқан елдің билігі өз қалауы бойынша кіре алады
- D) өкілдік орналасқан елдің билігі өз қалауына орай тінту жүргізеді
- E) шабуыл жасалған жағдайда өкілдік орналасқан елдің билігі кінәлілерді іздестірмейді
- F) қатер төнген жағдайда оны қорғауға міндетті емес

5. Қазақстан Республикасының нормативтік актілілеріне сәйкес визалар беріледі:

- A) Қорғаныс министрлігінің бақылау басқармасы арқылы
- B) Президент Әкімшілігі
- C) Миграциялық қызмет арқылы
- D) Жергілікті мемлекеттік басқару органдары арқылы
- E) Министрлік және ведомстволардың халықаралық бөлімдері арқылы

6. Өкілдік басшысының негізгі міндеті:

- A) орналасқан мемлекетіндегі халықаралық ұйымның ішкі саясатына араласу
- B) Қабылдаушы елдің ішкі ісіне араласу
- C) орналасқан мемлекетінің билігіне нақты нұсқау беру
- D) Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын барлық заңды жолдармен қорғау
- E) халықаралық құқықтың нормаларын орындамау
- F) Қазақстан азаматтарының мүдделерін заңсыз жолдармен қорғау

7. Күндізгі қабылдауларға жатады:

- A) А- ля фуршет
- B) Кешкі ас
- C) Коктейль
- D) Шампан бокалы
- E) Түскі ас
- F) Түскі ас - буфет

8. Халықаралық мәслихат делегацияларының құрамындағы сыртқы істер министрлігінің жетекшілік аппараты өкілінің болу қажеттілігі:

- A) делегациялар қол қоятын халықаралық шарттың талапқа сай болуын қадағалайды
- B) делегация мүшелерінің отырысқа кешікпеуін бақылайды
- C) делегация мүшелері арасында шиеленістің ушықпауын қадағалау
- D) отырыс барысында барлық делегация мүшелерін ауыстыра алады
- E) халықаралық мәселеде тәжірибелері аз делегация мүшелерін мәселеге қатысты қажетті арнаға салу

9. Халықаралық ұйым шеңберінде өтетін мәслихатқа келген шетелдік ресми делегациялар:

- A) шектеулі көші-қон шараларынан босатылмайды
- B) жеке иммунитетке ие болады
- C) шетелдік ретінде көші-қон мекемесінде тіркелуге тиіс
- D) жеке иммунитетке ие болмайды
- E) дипломаттарға қатысты белгіленген валюталық жеңілдікке ие болмайды

10. Вербальді нотаның түрлері:

- A) Көпжақты
- B) Жеке
- C) Келісімді
- D) Барабар
- E) Екіжақты
- F) Музыкалды
- G) Ұжымдық

11. Бірлескен Декларация:

- A) аса жоғары деңгейдегі ресми сапарлардың нәтижесінде қол қойылатын құжат түрі
- B) дипломатиялық құжаттарды бекіту рәсімі
- C) дипломатиялық қорытынды құжаттардың түрі
- D) халықаралық қатынастардың міндетті қағидасы
- E) уағдаласушы тараптардың бір арнадан шыққан ниеттерінің жариялануы

12. 2010 жыл Қазақстан Республикасының дипломатиялық тәжірибесіне қатысты оқиғалар:

- A) Астанадағы ШЫҰ мемлекет басшыларының кездесуінің өткізілуі
- B) Мұсылман және батыс мемлекеттерінің сыртқы істер министрлерінің Форумна қатысуы
- C) Халықаралық мәдениеттердің жақындасу жылын жариялау
- D) Ислам Конференциясы Ұйымының сыртқы істер министрлері Кеңесіне төрағалық етуі
- E) Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалық етуі
- F) Жетінші Дүниежүзілік Ислам экономикалық форумының өткізуі
- G) Астана қаласында ЕҚЫҰ Саммитінің өткізілуі

13. Консенсус тәсілі білдіреді:

- A) Кездесудің қатысушылары арасындағы келісімге тез арада келу ықыласы
- B) Форумның аса белсенді қатысушыларды бөліп шығару
- C) «Көпшіліктің көзқарасы»
- D) Бәсекелестік
- E) Шешім қабылдаушылардың белсенді және тең құқықтық қатысуы
- F) «Ниет білдірушілік, ымырашылдық»
- G) Мәселені шешудегі көзқарастардың бірыңғай болу тілегі

14. ҚР дипломатиялық қызметкерлерінің негізгі дипломатиялық дәрежелері:

- A) Дуайен
- B) I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл
- C) Үшінші хатшы
- D) II сыныпты екінші хатшы
- E) I сыныпты үшінші хатшы
- F) Референт

15. Сәйкес нота (Identic Note) вербальді нотаның түрі ретінде:

- A) Бірнеше елдің өкілдерімен бір данада дайындалады және кездесу барысында тапсырылады
- B) Бөлек нақты мәселе бойынша бірнеше елдердің өкілдерінің атынан дайындалады және кейбір мәселелер бойынша айырмашылықтары болуы мүмкін
- C) Бірнеше елдердің өкілдерінің келісілген ұстанымын қамтиды
- D) Бөлек нақты мәселе бойынша бірнеше елдердің өкілдерінің атынан дайындалады және белгілі мәселеге қатысты өзінің қозқарастарын көрсетеді
- E) Қабылдаушы елдегі заңдағы өзгертулер туралы хабарландырады
- F) Қарапайым баспаханада басылады
- G) Курьер арқылы тапсырылады

16. Дипломатиялық сапар санатына кірмейді:

- A) Үкімет мүшелерінің сапары
- B) Қоғамдық ұйым жетекшілерінің сапары
- C) Сыртқы істер министрінің сапары
- D) Бизнесмендердің сапары
- E) Саясаткерлердің сапары
- F) Университет профессорларының сапары

17. Дипломатиялық сапар түрі:

- A) Кездейсоқ
- B) Тыңшылық
- C) Әлеуметтік
- D) Экономикалық
- E) Ресми
- F) Іскерлік
- G) Протоколдық

18. «Топтама» тәсілінің мәні:

- A) Келіссөз аяғында жаңа ұсыныстар қосу
- B) Талқыланатын мәселе құрамына серіктес үшін қолайсыз немесе тиімсіз шешімді енгізу
- C) Аздаған мәні бар ұсыныстарда қызығушылық білдіру
- D) Өзіндік ұстанымды әсте-ақырын, қадаммен ашу
- E) Талқылауға бірнеше ұсыныстар ұсынылады
- F) Шешімге серіктес үшін тартымды және аздап тиімді ұсыныстар енгізіледі

19. Қатаң келіссөздер жүргізу кезіндегі тактикалық әдістер:

- A) «Бәліш» тактикасы
- B) Мәселені шешудің ортақ зонасын іздеу
- C) Кету тактикасы
- D) Екі мағыналы түсінік беру әдісі
- E) Жалған акценттерді пайдалану

20. Жапонияның дипломатиялық қызметінің кадрлық саясатының ерекшеліктері:

- A) Дипломатиялық бағытты іске асырудағы басты ұстаным
- B) Дипломатиялық қызмет – сыртқы саяси бағытты іске асыру құралының бірі
- C) Непотизм ұстанымын іске асыру
- D) Саяси тағайындаудың жоғары пайызы
- E) Психологиялық факторлы ескеру
- F) Кадрлық саясаттың меритократиялық сипаты

21. «ҚР дипломатиялық қызмет туралы Заңына» сәйкес бірінші рет дипломатиялық қызметке түскен тұлғалар:

- A) Орнатылған мерзімнен бұрын немесе дәрежені беру кезегін сақтамай дәрежесін көтере алады
- B) Өзінің кәсіби және тіл дәрежесін көтеру керек
- C) Үш айға дейін міндетті сынақ мерзімін өтейді
- D) Жұмысқа кіріскен кезден-ақ шетелдік дипломатиялық қызмет органдарына жұмысқа жіберіле алады
- E) Шетелдік сыртқы істер ведомствосына жұмысқа жіберіле алады
- F) Еңбекақы алмайды
- G) Алты айға дейін міндетті сынақ мерзімін өтейді

22. Мемлекеттік ту протоколы бойынша:

- A) Бірнеше мемлекет туларының аспанға көтерілуі барысында өз мемлекет туы оң жақта болуы тиіс
- B) Тулар жекелеген флаштоктарда көтеріледі және бір деңгейде жайғастырылады
- C) Әлемнің жетекші мемлекеттерінің тулары әрқашан құрметті орында жайғасады
- D) Тулар жекелеген флаштоктарда көтеріледі және әртүрлі деңгейде жайғастырылады
- E) Қонақ мемлекеттердің тулары геосаяси бірізділікпен жайғастырылады
- F) Қонақ мемлекет туына құрметті орын беріледі (флаштоктың оң жағы)
- G) Қонақтарды қабылдайтын мемлекеттің туы әрқашан құрметті орында жайғастырылады

23. Дипломатиялық тәжірибеде альтернат дегеніміз:

- A) дипломатиялық құжатты сақтау және қатысушы елдерге мөр қойылған көшірмені жіберу тәртібі
- B) шарттың әртүрлі нұсқасындағы қол қою реттілігінің кезектілігін реттейтін тәртіп
- C) шарт жобасымен алмасу тәртібі
- D) мемлекеттің жоғарғы билігінің шартты түпкілікті бекіту үрдісі
- E) дайын келісім жобасына өкілетті уәкілдердің қысқаша қол қою тәртібі
- F) шарттың әртүрлі нұсқасындағы мерзімін ұзарту тәртібі
- G) халықаралық келісімшартқа қатысушылардың теңдестік қағидасы

24. Қазіргі кездегі дипломатиялық тәжірибе бойынша ілтипаттылық жазылмайтын дипломатиялық құжат:

- A) Үкімет тарапынан дайындалынған вербальді нота
- B) Жартылай ресми сипаттағы жеке хат
- C) Ұсыныс жасайтын СІМ-нің вербальді нотасы
- D) Жеке нота
- E) Қолма-қол тапсырылатын жадынамалық жазба

25. Қазіргі кездегі тәжірибеде ҚР Сыртқы істер министрлігінің міндеті:
- А) Шетелге шыққан ел азаматтарын баспанамен қамтамасыз ету
 - В) Қазақстанға келген оралмандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
 - С) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын іске асыру
 - Д) Қазақстанға келетін шетелдіктерді баспанамен қамтамасыз ету
 - Е) Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыруға және халықаралық беделін нығайтуға жәрдемдесу

**Дипломатиялық және консулдық қызмет
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Халықаралық қатынастардың жаңа заман тарихы

1. Жаңа заманның бастапқы кезеңіндегі Латын Америкасында отарлық иеліктері бар еуропалық мемлекеттер:
 - A) Голландия
 - B) Италия
 - C) Англия
 - D) Бельгия
 - E) Франция
 - F) АҚШ

2. АҚШ-тың тәуелсіздігін мойындау жөніндегі бейбіт келісім-шартқа қатысушы-мемлекеттер:
 - A) Италия
 - B) Англия
 - C) Ресей
 - D) Дания
 - E) Испания
 - F) Франция
 - G) Португалия
 - H) Голландия

3. XVIII ғ. Француздық дарынды министрлер мен дипломаттар:
 - A) Добрынин
 - B) Аббат
 - C) Вержен
 - D) XV Людовик
 - E) III Вильгельм
 - F) Шуазель
 - G) Д'Аржансон
 - H) Горчаков

4. Қасиетті Одақтың конгрестері:
 - A) 1878ж. Берлин конгресі
 - B) 1822ж. Верон конгресі
 - C) 1821ж. Либерец конгресі
 - D) 1815 ж. Вена конгресі
 - E) 1820ж. Прага конгресі

5. 1654 ж. Кромвель сауда келісімін жасасқан Англия үшін қаупі аз мемлекеттер:

- A) Голландия
- B) Швеция
- C) Дания
- D) Италия
- E) Франция
- F) Португалия
- G) Ресей
- H) Испания

6. 1827 жылғы «грек мәселесі» бойынша Лондон конвенциясына қол қойған мемлекеттер:

- A) Ресей
- B) Греция
- C) Австрия
- D) Франция
- E) Түркия
- F) Пруссия
- G) Англия

7. XVIII ғ. Түркияның біртұтастығын сақтап қалуға ұмтылды:

- A) Греция
- B) Австрия
- C) Пруссия
- D) Англия
- E) Үндістан
- F) Ресей
- G) Франция
- H) Египет

8. XIX – XX ғғ. тоғысында экономикалық дамуымен алға шықты:

- A) Англия
- B) АҚШ
- C) Испания
- D) Германия
- E) Жапония

9. «Қасиетті Одақтың» Верон конгресінде испан революциясын талқандау жоспарын қолдаған мемлекеттерге кіреді:

- A) Польша
- B) Грекия
- C) Швеция
- D) Франция
- E) Пруссия
- F) Ресей

10. Еуропалық державалар Цинь империясына қарсы «апиын соғыстарын» ұйымдастырған кезеңдер:

- A) 1844-1848 жж.
- B) 1854-1856 жж.
- C) 1858-1860 жж.
- D) 1848-1850 жж.
- E) 1850-1854 жж.
- F) 1840-1842 жж.
- G) 1856–1858 жж.

11. XV-XVII ғ.ғ. Оңтүстік Манжурия Қытай жерлерінің қатарына енгеннен кейінгі салынған құрылыс орындары:

- A) Мектептер
- B) Сарайлар
- C) Көпірлер
- D) Сауда қалалары
- E) Бекіністер
- F) Фабрикалар
- G) Қамалдар

12. XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. басында қазақ жерлерінің басым бөлігі жауланды:

- A) Үндістанмен
- B) Бұқара хандығымен
- C) Қырым хандығымен
- D) Армениямен
- E) Грузиямен
- F) Қытай императорымен

13. 1841 ж. ағылшын-иран келісіміне сәйкес Англия өз сауда агенттерін ұстау құқығына ие болды:

- A) Тегеранда
- B) Бендер-Буширде
- C) Пенджабта
- D) Шанхайда
- E) Гератта

14. XIX ғ. 40-50 жж. американдық экспансия тарады:

- A) Тынық Мұхитына
- B) Мексикаға
- C) Батыс Еуропаға
- D) Ресейге
- E) Орталық Азияға
- F) Шығыс Азияға
- G) Таяу Шығысқа

15. XIX ғ. АҚШ-қа жерлерін сатқан мемлекеттер:

- A) Пруссия
- B) Ресей
- C) Мексика
- D) Австралия
- E) Голландия

16. XIX ғ. 40 жж. Италияның бірігуіндегі кедергілер:

- A) Елдегі билеушілердің ала ауыздығы
- B) Католик шіркеуі Германиямен одақтастыруды көздеді
- C) Тарихи-географиялық жағынан жақын орналасуы
- D) Тарихи дербестіктер мен дәстүрдің айырмашылығы
- E) Елдегі саяси-әлеуметтік бытыраңқылық
- F) Католик шіркеуінің басшысы папа бірігуді қаламады

17. Отто фон Бисмарк:

- A) «Отарлаушы канцлер»
- B) Германияны «темір және қанмен» біріктіруші
- C) «Қарапайым прусс солдатты»
- D) Испан тақ мұрагері
- E) «Зұлым канцлер»
- F) Германияны «талқандаушы»
- G) «Қорқақ канцлер»

18. 1878 жылғы Сан-Стефан келісіміне сәйкес толық тәуелсіздікке ие болған мемлекеттер:

- A) Босния және Герцеговина
- B) Румыния
- C) Македония
- D) Сербия
- E) Хорватия
- F) Черногория
- G) Грекия

19. 1875-1878 жж. Балқан дағдарысын реттеуге белсенді қатысушы:

- A) Горчаков
- B) Рузвельт
- C) Наполеон III
- D) Кавур
- E) Андраши
- F) Бисмарк

20. XIX ғ. соңғы отыз жылдығы - XX ғ. басындағы халықаралық қатынастар сипатталады:

- A) Сауда үстемдігі үшін күреспен
- B) Мемлекетаралық қайшылықтардың тереңдеуімен
- C) Халықаралық қатынастардың Вена жүйесінің қалыптасуымен
- D) Мемлекеттердің қоғамдық- саяси дамуының біркелкі болмауымен
- E) Мемлекеттердің әлеуметтік- экономикалық дамуының біркелкі болмауымен

21. 1792 жылы орын алған маңызды оқиға:

- A) Аустерлиц шайқасы
- B) Ағылшын-испан одақтастық келісім-шартына қол қойылу
- C) Вальми тұсындағы ұрыс
- D) Бірінші антифранцуздық коалицияның құрылуы
- E) Австро-пруссиялық одақтастық келісім-шартқа қойылу

22. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Германияның құрған жоспарлары:

- A) Азиядағы орасан зор территорияларды өз ықпалына бағындыру
- B) «Ұлырақ Британияны» құру жоспары
- C) Жерорта теңізі бассейнінде өз гегемониясын орнату
- D) «Орталық Еуропаны» құру
- E) Африкада көлемді отарлық империяны құру
- F) Балқандағы өз саяси және әскери үстемдігін орнату
- G) Тироль, Триест, Албанияны өзіне бағындыру

23. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Францияның жоспарларының бірі:

- A) Эльзас пен Лотарингияны қайтару
- B) Рур бассейнін жаулап алу
- C) Тироль, Триест, Албанияны өзіне бағындыру
- D) Тынық мұхиты бассейнінде көлемді отарлық империяны құру
- E) «Орталық Еуропаны» құру
- F) Жерорта теңізі бассейнінде өз гегемониясын орнату

24. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі Батыс майдандағы негізгі оқиғалардың бірі:

- A) Болгария мен Түркияның капитуляциясы
- B) Герман әскерлерінің Бельгия мен Францияға басып кіруі
- C) Ресейдегі Қазан әскери көтерілісі
- D) Брест бітімінің қабылдануы
- E) Шығыс майданының ыдырауы
- F) Германияның алғаш рет әскери уландырғыш газдарды қолдануы

25. 1914 ж. 23 тамызында Жапония Германияға соғыс жариялап, басып алды:

- A) Фукусима қаласын
- B) Сунин темір жолын
- C) Жапонияның сол кездегі астанасын
- D) Тынық мұхиттағы аралдарды
- E) Кио- Чаоны

**Халықаралық қатынастардың жаңа заман тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты

1. Н.Ә.Назарбаев ЕҚЫҰ -ның саммиттерінің жұмысына қатысты:

- A) Белград (1977)
- B) Хельсинки (1992)
- C) Стокгольм (1984)
- D) Лиссабон (1996)
- E) Вена (1986)
- F) Мадрид (1980)
- G) Париж (1990)

2. 1992 жылы Қазақстан мына елдермен бірге ЕҚЫҰ-ң мүшесі болды:

- A) Өзбекстан
- B) Қырғызстан
- C) Босния
- D) Сербия
- E) Македония
- F) Тәжікстан
- G) Черногория

3. ШЫҰ мүше-мемлекеттері:

- A) ҚХР, Ресей
- B) Бельгия, Жапония, Иран
- C) АҚШ, Германия, Ұлыбритания
- D) Тәжікстан, Өзбекстан
- E) Қазақстан, Қырғызстан

4. Қазақстан Республикасы мүше емес халықаралық ұйымдар:

- A) ТМД
- B) Азия тынық мұхиты елдерінің экономикалық қауымдастығы
- C) НАТО
- D) БҰҰ
- E) ИЫҰ
- F) АӨСШК

5. 1991 ж. 21 желтоқсанда Алматыда ТМД құру туралы хаттамаға басшылары қол қойған мемлекеттер:

- A) Ресей, Латвия
- B) Грузия, Эстония
- C) Қазақстан, Украина
- D) Латвия, Грузия
- E) Армения, Ресей

6. ТМД-ның мақсаттары мен қағидаттары жөніндегі «Алматы декларациясына» қол қойған елдер:

- A) Белоруссия, Қазақстан және Иран
- B) Қырғызстан, Молдавия, Ресей, Тәжікстан
- C) Әзербайжан, Армения және Турция
- D) Әзербайжан, Армения, Белоруссия, Қазақстан
- E) Түркменстан, Өзбекстан және Украина

7. ТМД -ның ұйымдық сипаты:

- A) Кәсіподақ құрылысының орталығы
- B) Аймақтық мемлекет аралық бірлестік
- C) Әскери альянс
- D) Федерация
- E) Халықаралық денсаулық ұйымы

8. Қазақстанда тіркелген Француз компаниялары:

- A) Шламбержер
- B) Аджип
- C) Хитачи
- D) Токио
- E) Шеврон
- F) Данон
- G) Самсунг

9. Беларусьтің Қазақстанға қатысты қызығушылық танытатын салалары:

- A) Трактор жасау
- B) Жеңіл өнеркәсіп саласы
- C) Машина жасау саласының өнімдерін жеткізу
- D) Жаңа технологиялар саласы
- E) Қазақстандық түсті және қара металлургия саласы
- F) Ауыл шаруашылық және мұнай салалары
- G) Космодром

10. Синельково қаласында (Украина) 2005 жылы өткен шара:

- A) Ауыл шаруашылығы туралы келісім жасалды
- B) Экономикалық ынтымақтастық туралы келісім жасалды
- C) ҚР-ң мәдени күндері өтті
- D) О.Сүлейменовқа ескерткіш қойылды
- E) Көшеге Жамбыл аты берілді
- F) Елшілік үйі ашылды

11. Армения Президенті Роберт Кочерянный 1909 ж. 2 қыркүйекте Астанаға ресми сапары барысында қол қойылған құжаттар:

- A) Мұнай-кен орындарын барлау туралы келісім
- B) Гуманитарлық әріптестік келісімі
- C) Құрылыс саласындағы ынтымақтастық шарты
- D) Бірлескен әскери теңіз базасын құру
- E) Сауда саласындағы ынтымақтастық

12. Қазақстан Республикасы және Каспий теңізі жанындағы елдері кіретін ұйымдар:

- A) ЕҚЫҰ
- B) Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымы
- C) Әлемдік сауда ұйымы
- D) АСЕАН
- E) ЕО

13. Орталық Азия елдерін біріктіріп жатқан басты факторлар:

- A) мұнай саласындағы әріптестік
- B) экономикалық мүдделер
- C) саяси жүйенің ұқсастығы
- D) теңізге шығатын жол
- E) бір аймақтағы ұйымға кіруі
- F) космос саласындағы серіктестік

14. ҚХР-ң сыртқы саясаттағы ресми ұстанымы:

- A) Орталық Азиядағы үстемдікке жету
- B) Екі жақты ынтымақтастық негізіндегі саясатты ұстау
- C) Әскери салада өз ұстанымын жоғары қою
- D) Азиялық қауіпсіздікті сақтау
- E) Одақтар мен әскери блоктарға кірмеу

15. 1992 ж. қазанда ҚР-ның Президентінің Түркияға алғашқы ресми сапары барысында Анкара қаласында өткен түркі тілдес елдері кеңесіне қатысқан мемлекеттер:

- A) Армения, Түркменстан
- B) Түркия, Әзірбайжан
- C) Грузия, Белорусь
- D) Украина, Молдавия
- E) БАЭ, Египет

16. Қазақстан мен Түркия арасындағы білім-ғылым саласындағы жетістіктің бір дәлелі:

- A) Қазақ-түрік фармацевтика зауытының салынуы
- B) Түрік ғалымдары қазақ тарихын жазуы
- C) Қазақ-түрік бірлестігінің ашылуы
- D) Қазақ-түрік архитектура институтының ашылуы
- E) С.Демирель атындағы университет
- F) Яссауи атындағы қазақ-түрік университеті ашылуы (Түркістанда)
- G) Қазақстан Республикасындағы қазақ-түрік лицейлерінің ашылуы

17. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2006 ж 13-19 ақпанда БАӘ-ға барған сапары барысында қол қойылған іс-қимыл жоспарында қарастырылған мәселе:

- A) ҚР-ның Бас Консульдығын ашу
- B) Ғарыш аймағын жалға беру
- C) Медициналық орталық
- D) Қазақстан елшілігін БАӘ-де ашу
- E) Мұнай химиялық кешен салу
- F) Алтын өнеркәсібі

18. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 ж. 31 тамыз бен 1 қыркүйек арасында Кувейт мемлекетіне ресми сапарының қорытындысы бойынша:

- A) Ғарыш аймағын жалға беру
- B) Парламент депутаттарымен кездесу
- C) Әскери саласында келісімге қол қойылуы
- D) Халықаралық теміржол құрылысына қаржы бөлу
- E) Әскери блок құрылуы
- F) Инвестицияларды өзара қорғау мен ынталандыру туралы меморандумға қол қойылуы

19. Қазақстандағы энергия секторына қызығушылық танытқан Канадалық компаниялар:

- A) «Нэйшнс Энерджи»
- B) «Газпром»
- C) «Саймонс групп»
- D) «Панасоник»
- E) «Мерседес Бенз»
- F) «Самсунг»
- G) «Аджип»

20. Қазақстан Республикасының Президенті Сыртқы істер министрінің ұсынуы бойынша берген дипломаттық дәрежелер:

- A) Атташе
- B) I сыныпты кеңесші
- C) II сыныпты кеңесші
- D) I сыныпты бірінші хатшы
- E) II сыныпты Төтенше және өкілетті уәкіл
- F) I сыныпты Төтенше және өкілетті уәкіл
- G) II сыныпты екінші хатшы

21. ҚР мен Бразилия екіжақты қатынастарының шарттық-құқықтық базасындағы келісімдер:

- A) Траншекаралық өзендерді қолдану туралы коммюнике
- B) Бразилияда кәсіпкерліктердің ашылуы жөніндегі нота
- C) Дипломатиялық және қызмет төлқұжат иелерінің визалық талаптардан босатылуы жөніндегі келісім
- D) Сауда экономикалық серіктестік туралы Келісім
- E) Қауіпсіздік саласындағы біріккен саясатты жүзеге асыру жөніндегі уағдаластық
- F) Қылмыскерлерді беру жөнінде мәлімдеме
- G) Бразилия және ҚР арасындағы қатынастары принциптері туралы Декларация

22. ЕО мен Қазақстан арасында ядролық салада қабылданған келісімдер:

- A) ЕО аумағында ядролық қалдықтардың утилизациясы жөніндегі шешім
- B) Ядролық қауіпсіздік бойынша Келісім
- C) Бақылаудағы термоядролық ерітпелер саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Келісім
- D) Ядролық материалдарды тасымалдау жөніндегі мәмілеге келу
- E) Қазақстан аумағында ядролық қалдықтардың утилизациясы жөніндегі уағдаластық
- F) Атомдық реакторлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, радиобелсенді қорғаныс, ядролық қалдықтардың утилизациясы, ядролық құрылғылардың демонтажы мен дезактивациясы, ядролық материалдардың заңсыз тасымалдауының алдын алу бойынша зерттеулерге бағытталған жобалар

23. 1994 ж. 27 мамырда Қазақстан мен НАТО арасындағы келісім:

- A) Басқа елдерге бірлесіп әскер енгізу
- B) «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасы
- C) Никарагуа Республикасымен дипломатиялық қатынас орнату хаттамасы
- D) НАТО - стандарты бойынша әскери дайындық өткізбеу
- E) Экстремизм, ланкестікке қарсы бірлесу
- F) НАТО мен бірлесіп бейбітшілік үшін күресу

24. «Қазақстан 2030» стратегиясындағы сыртқы саясатқа байланысты басты басымдылық:

- A) Ұлттық қауіпсіздік
- B) Толеранттық мәселесі
- C) Жолдар салу
- D) Ауыл шаруашылығын дамыту
- E) Аймақтық және әлемдік тұрақтылық
- F) Тұрғын үй құрылысын дамыту

25. Шөлейттенумен күресті жүзеге асырудың ұлттық жоспары қолдауымен жасалған ұйымдар:

- A) Бүкіләлемдік банк
- B) НАТО
- C) БҰҰ-ның (ЮНЕП) экологиялық бағдарламалары
- D) Финляндия басшылығы
- E) WTO
- F) ЕҚЫҰ

**Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Көпжақты дипломатия

1. Версаль әлемі кезінде Г.Никольсон «Жаңа дипломатияның» әкесі деп бағалаған тұлға мен ел және әдіс:
 - A) Отто фон Бисмарк
 - B) Шарль Морис Талейран
 - C) В.Вильсон
 - D) «Еуропалық концерт»
 - E) Америка
 - F) «Американдық әдіс»
 - G) Генри Джон Темпл-Палмерстон
 - H) Франция

2. Халықаралық үкіметтік емес ұйымдар:
 - A) Африкалық Одақ
 - B) МАГАТЭ
 - C) Латын Америка Экономикалық Жүйесі
 - D) Пагоуш Қозғалысы
 - E) Халықаралық амнистия

3. Ұлттар Лигасы қарусыздану комиссиясы ұсынған қарусызданудың барлық түрлерін біртіндеп қысқарту туралы конвенцияға қол қойған мемлекеттер:
 - A) КСРО мен Польша
 - B) Румыния мен Эстония
 - C) Франция мен Германия
 - D) Англия мен Түркия
 - E) КСРО мен Германия

4. Қауіпсіздік Кеңесінің әрекет етуіне түрткі болады:
 - A) Ұлттаралық келісімге бағытталған шаралар
 - B) Заң бұзушылықтар халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікке қауіп төндірсе
 - C) Мемлекетаралық ынтымақтастық
 - D) Нормалардың бұзылуы мен гуманитарлық құқық жөніндегі келісім-шарттардың бұзылуына қатысты БҰҰ-ның арнайы миссиялары мен Бас хатшының елшілерімен табылған нақты деректер
 - E) Мемлекетішілік мәселелер
 - F) Президент сайлауы
 - G) Аймақтық интеграция

5. Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссар өз міндеттерін орындау кезінде әрекет етеді:
- A) Қауіпсіздік Кеңесінің шешімімен
 - B) Бас Ассамблеяның өкілеттілігі мен шешімі арқылы
 - C) Халықаралық Соттың рұқсатымен
 - D) БҰҰ-ның қылмыс пен әділдік сұрақтары бойынша Халықаралық ғылыми-зерттеу институтының шешімімен
 - E) Бас Хатшының рұқсатымен
 - F) Экономикалық және әлеуметтік кеңестік құзыретінде
 - G) Қамқорлық Кеңесінің қаулысымен
 - H) Адам құқықтары жөніндегі комиссия шеңберінде
6. ЕҚЫК Қорытынды Актісіне қол қойған 35 мемлекеттің ішінде делегат саны аз болған елдер:
- A) Люксембург
 - B) Тайланд
 - C) Лихтенштейн
 - D) Шотландия
 - E) Ирландия
 - F) Дания
 - G) Бельгия
7. ЕҚЫК Қорытынды Актісінде экологиялық сала бойынша қабылданған мәселелер:
- A) Үкіметтік емес ұйымдарды дамыту
 - B) Заңмен қадағалау
 - C) Салық салу
 - D) Қоршаған ортаны қорғау
 - E) Нәтижелерін тексеру
 - F) Азаматтарға айыппұл төлету
8. Халықаралық қауіпсіздік мәселелері бойынша идеалистік парадигма ұғымдары:
- A) Территориялық бүтіндік
 - B) Жаппай қарусыздану
 - C) Соғыс ашу
 - D) Ұжымдық қауіпсіздік
 - E) Үрейлендіру
 - F) Құрылымдық қағидалардың орындалуы
 - G) Қысым жасау

9. ЕҚЫҰ адам құқығын қорғау мен қамту жолындағы нақты серпіліс берген қорытынды құжаттар:

- A) Хельсинки (1992)
- B) Копенгаген (1990)
- C) Москва (1991)
- D) Париж (1990)
- E) Будапешт (1994)

10. Еуропалық Одақтың институттары:

- A) Саммиттер
- B) Еуропалық Одақтың Соты
- C) Евроатом
- D) Халықаралық Сот
- E) Халықаралық трибунал

11. Процедуралық функциялар:

- A) Регламентті орындамау
- B) Талқылауды тоқтату
- C) Түсініктеме беруді талап етпеу
- D) Өкілдерге сөз беру
- E) Отырысты ашу, жабу және кейінге қалдыру

12. Халықаралық келісім-шартты қабылдау формалары:

- A) пролонгация
- B) визалау
- C) қол қою
- D) парафирлеу
- E) аккламация
- F) денонсация

13. Парафирлеу:

- A) келісім-шартқа алдын-ала қол қою
- B) келісім-шартты заңдық күшінен айыру
- C) өкілетті уәкілдің келісімшарт мәтінінің толық дайындығын бекітуі
- D) келісім-шартқа толық қол қою уақытша мүмкін емес болғанда қолданылады
- E) келісім-шартты қабылдау формасы
- F) келісім-шарттың заңдық күшін шектеу

14. Халықаралық конференцияның мақсаты:

- A) халықаралық келісімді талдау және ескерту жасау
- B) белгілі бір мәселе бойынша комиссия шақыру және сол комиссияның жұмысын тыңдау
- C) есеп беру, сараптама жасау арқылы конференция өкілдерінің жұмысына баға беру
- D) бірлесе отырып жаһандық мәселені талдау және соған қатысты ақпараты тасымалдау
- E) белгілі бір өзекті халықаралық мәселелерді талқылау немесе бірлескен мәлімдемені қабылдау
- F) халықаралық келісім мәтінін дайындау және қабылдау

15. Халықаралық ұйым органының сипаттары:

- A) құзіреті, қызметі мен функцияларға ие, бірақ ішкі құрылымы жоқ, белгілі бір құрамы бар
- B) орган құрылтай құжатының негізінде құрылып, бірақ шешім қабылдау тәртібі жоқ
- C) ұсыныстық сипаты бар
- D) орган халықаралық ұйымның құрылтай актінің негізінде құрылып, шешім қабылдаудың арнайы тәртібі бар
- E) құзіреті, қызметі мен функцияларға ие, ішкі құрылымы бар, белгілі бір құрамы бар
- F) халықаралық ұйымның құрамдас және құрылымдық бөлімі

16. Әлемде туындаған экологиялық дағдарыстың негізгі белгілері:

- A) Судың көбеюі
- B) Өндірістің азаюы
- C) Жердің, ауа және су бассейнінің ластануы
- D) Климаттың жаһандық өзгеруі
- E) «Қышқылды жауындардың» өзен мен көлдерді лақтауы

17. Көпжақты дипломатиядағы конверсия мәселесін шешу жолдары:

- A) Адамдар санасын өзгерту
- B) Соғыстың қаупін азайту
- C) Қоғамдағы жұмыстарды көбейту
- D) Қару жарақты көбейту
- E) Әскери шығындарды азайту
- F) Билік мәселесін қарастыру
- G) Агрессиялық жолмен шешу

18. Экономикалық және әлеуметтік кеңестің тұрақты комитеті:

- A) Құқықтық
- B) Халықаралық қауіпсіздік мәселесі бойынша
- C) Әкімшілік және бюджет жөніндегі
- D) Қарусыздану бойынша
- E) Дамуды жоспарлау жөніндегі
- F) Арнайы саяси

19. Марксисттік тұрғыдан бюрократияның пайда болу көздері:

- A) Даралылығының минимумдығы
- B) Бағынушылардың санының көбеюі
- C) Әлеуметтік-таптық антагонизмдер
- D) Әлеуметтік паразиттік ағза ретінде өмір сүруі
- E) Қайшылықтардың нәтижесі

20. Вена жүйесінің халықаралық қатынастар тәжірибесінде алғаш рет кеңінен қолданған институттары мен механизмдері:

- A) Империалистік саясаттың күшеюі
- B) Құпия дипломатияның кең таралуы
- C) Дипломатиялық рангтар және консулдық мекемелердің жүйелендірілуі мен унификациясы
- D) Христиандық монархтар одағының құрылуы
- E) Еуропада ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің құрылуы
- F) Буржуазиялық дипломатияның пайда болуы
- G) Көпжақты дипломатияның тұрақты негізде қолданылуы

21. Контактілік топтардың пайда болуына ықпал ететін жағдайлар:

- A) Мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар бірігіп әрекет етуі
- B) Аймақтық ұйымдар араласуы
- C) Шиеленістерді тоқтатудың бастапқы әрекеттері сәтті болуы
- D) Гуманитарлық көмектер көрсетілуі
- E) Мемлекеттер халықаралық ұйымдардың көмегіне жүгінуден бас тартуы
- F) Ұйымдар 1997 жылғы Албанияда болған оқиғада сияқты мәселені шешуге араласуы

22. Үлкен сегіздікке енетін мемлекеттер:

- A) Франция, Италия, Ұлыбритания
- B) АҚШ, Жапония, ГФР
- C) АҚШ, Нидерланды
- D) Франция, Оңтүстік Корея
- E) Канада, Испания
- F) Сауд Арабиясы, Иран
- G) Канада, Ресей

23. Конференцияның соңында төрағаның әрекеті:

- A) қатысушыларды таныстырады
- B) қатысушыларға алғыс білдіреді
- C) жалпы сөз сөйлейді
- D) қорытынды сөз сөйлейді
- E) құттықтау сөз сөйлейді
- F) жұмыстың қорытындысын шығарады
- G) конференция жұмысымен таныстырады

24. 2010 ж. «Астана декларациясында» ұйымның белгіленген міндеттері:

- A) адам құқығын қорғауға, заңның үстемдігін қамтамасыз ету
- B) алдын ала байқалған дағдарыстың алдын алу
- C) ортақ халықаралық қауымдастықта біріге жұмыс істеу
- D) жауапкершілікті аймақтарда орын алып отырған қақтығыстарды реттеуде күш-жігерді арттыру
- E) жоғарғы деңгейдегі басшылардың бас қосуын қамту
- F) «мұхиттан мұхитқа деңгейі»
- G) ұйымның күш-жігерін және қауіпсіздікті нығайтуды

25. Түркия президенті А.Гүл Исламофобиямен қатар атап өткен ағымдар:

- A) антисемитизм
- B) экстремизм
- C) ксенофобия
- D) национализм
- E) вандализм
- F) дискриминация
- G) антиисламизм
- H) расизм

**Көпжақты дипломатия
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**